



АБАЙ АТЫНДАҒЫ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ
БАЛАЛАР
КІТАПХАНАСЫ» КММ
2023 ЖЫЛҒЫ
ҚЫЗМЕТІНЕ ТАЛДАУ**



Мазмұны

	Түйіндеме.....	3
I	Кітапхананың негізгі бақылау көрсеткіштері.....	4
II	Кітап қорын мен каталогтарды қалыптастыру және ұйымдастыру.....	5
III	Оқырмандарға кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру. Кітапхана жарнамасы.....	8
IV	Оқырмандық қызығушылықтарды зерттеу және қалыптастыру.....	9
	Клуб, үйірме жұмысы.....	9
	Ата-анамен жұмыс	10
V	Көпшілік жұмыс.....	10
	Әдебиеттерді кеңінен танымал ету.....	12
	Халықаралық форум	14
	Жобалар бойынша жұмыс.....	15
VI	Анықтамалық-библиографиялық жұмыс.....	17
VII	Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс	18
VIII	Кітапхана библиографиялық үрдістерді автоматтандыру.....	19
IX	Кітапхананы басқару. Еңбекті ұйымдастыру. Кадрлармен жұмыс	21
X	Проблемалық мәселелер. Міндеттер.....	23

ТҮЙІНДЕМЕ

2023 жыл ішінде Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы бекітілген жоспарға сәйкес жұмыс атқарды. Кітапхана жұмыстың негізгі бағыттарын, мақсаттары мен міндеттерін ұстанды.

Есепті жыл ішінде барлық көпшілік іс-шаралар Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының 70 жылдық мерейтойына арналды. «Балалар кітапханасы: идеялар кеңістігі» халықаралық форумы, композитор мен ақын - жазушылардың мерейтойлары М.Әлімбаевтың 100 жылдығы, Қ. Сағырбайұлының 205 жылдығы, М. Жұмабаевтың 130 жылдығы, Ы. Дүкенұлының 180 жылдығы және «БҒА – 70 Библиоғарыштық аймақ» кітапхана кеші, «Білім кілті кітапта» дөңгелек үстел, «Қобыланды батыр» қалалық байқауы, Жеңіс Қашқыновтың өлеңдерін мәнерлеп оқудан облыстық байқауы, Қарағанды облысының кітапханалары арасында «Балаларға арналған Үздік жоба» облыстық байқауы, облыс кітапханашылары үшін «Қазіргі заманауи кітапханашының құзыреті» атты тағылымдама, «Балаларға арналған қызықты библиография» шығармашылық зертхана форматында облыстық семинар ерекше маңызды болды. Мерейтой аясында «Қарағанды балаларының рухани ордасы. Место притяжения детей» атты кітап дайындалып жарықа шықты.

Есепті кезеңде кітапхана қорына **2790** дана басылым келіп түсті, оның ішінде **1801** дана қазақ тілінде. 01.01.2024 жылғы жағдай бойынша кітапхананың кітап қоры **138390** дана, оның ішінде **34772** дана қазақ тілінде.

Оқырмандарға қызмет көрсету олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалды. Кітапхананың өткізілген іс-шаралар қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуге; оқырман балалардың әдебиетке, Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қызығушылығын арттыруға; балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтауға және дамытуға; оқу үрдісіне көмектесуге бағытталған.

Мерзімді басылымдарда кітапхана қызметін жандандыру кітапхана имиджін көтеруге себепкер болды. Кітапхананың тыныс-тіршілігі туралы мақалалар республикалық, облыстық «Ұлан», «Дружные ребята», «Мөлдір бұлақ», «Кітап патшалығы», «Простор», «Жастар әлемі», «Ortalyq Qazaqstan», «Индустриялық Қарағанды», газеттері мен журналдарында және электрондық басылымдарда жарияланды. Есепті кезеңде 62 материал, оның ішінде кітапхана қызметі туралы 40 мақала (қазақ тілінде -22, орыс тілінде 18), 22 ТВ сюжет (қазақ тілінде -8, орыс тілінде -14). С.і. 6 кітапханашы мерзімді басылымдарда жарық көрген мақаланың авторы.


Кітапханада компьютерлік технологиялар мен интернетті кеңінен қолдану жаңа оқырмандарды тартуға ықпал етеді. Кітапхана сайтының контенті үнемі жаңартылып отырады. Кітапхананың сайтында «JivoSite» v3.05.3 онлайн-кеңесшісі сайт пайдаланушыларының онлайн тәртіпте кітапхана операторларына сұрақ қоятын мүмкіндіктері бар. Пайдаланушылар үшін электрондық қызметтер қолжетімді: онлайн - ұзарту, виртуалды анықтама, онлайн-кеңесші, басшыға сұрақ. Кең көлемде әлеуметтік желіде жұмыс жасалды. Инстаграм, Вконтакте, Facebook, Телеграмм желілерінде мен YouTube арнасында кітапханада өтіп жатқан іс-шаралар туралы мәліметтер, жаңалықтар, өтетін іс-шаралар туралы анонстар қойылып отырды. Абай атындағы ОБК 53 компьютермен жабдықталған, оның ішінде 10 компьютер 2023 жылы сатып алынған, кітапхана ВОЛС технологиясы бойынша интернетке қол жеткізе алады, 46 компьютер интернет желісіне қосылған, тегін WI-Fi мен ЭК ғаламтор пайдаланушыларына қолжетімді.

Абай атындағы ОБК 7 602 000 тг сомасына ғимаратының терезелерін ауыстыру және қасбетіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

I. КІТАПХАНАНЫҢ НЕГІЗГІ БАҚЫЛАУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы жыл басынан бастап кітапхана қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттарына сәйкес жұмысын жалғастырды. Жыл бойынша кітапхананың бақылау көрсеткіштері.

Сандық көрсеткіштер	2022 жылғы жоспардың орындалуы	2023 жылға жоспары	2023 жылғы жоспардың орындалуы
Оқырмандар саны	12019	12000	12024
<i>с.і.ішінде пайдаланушылар</i>	7212	7000	7212
Келушілер саны	120035	120000	122436
Кітап берілімінің саны	240054	240000	240061



2022 жылмен салыстырғанда кітапханаға оқырмандардың келу саны 122436 болып, 2401 бірлікке өсті.

№	Ісшара	жоспары	жоспарды орындалуы
1.	Кітап көрмелері	23	36
2.	Көпшілік іс-шаралар	55	85
	<i>Қатысушылар саны</i>		4856
3.	Семинарлар	1	1
4.	Әдістемелік басылымдар	7	7
5.	Байқаулар	4	5
6.	Тағылымдама	1	1
7.	Тұсаукесер	-	1
8.	Халықаралық форум	1	1

Көпшілік іс-шараларға қатысушылар саны 2022 салыстырғанда 641 бірлікке өсті.

II. КІТАП ҚОРЫ МЕН КАТАЛОГТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Кітаптарды сатып алуға 2023 жылы бюджеттен 5 млн теңге бөлінді. Кітапхана қоры **2790** дана с.і қазақ тілінде **1801** данаға толықты.


	2023 жылғы жоспар	2023 ж. жоспардың орындалуы	с.і. қаз.тілін
Басылымдар	1500	2790	1801

мазмұны	жоспар	жоспардың орындалуы	саны (дн)	с. і. қазақ тілінде
Бюджеттік қаржыландыру	5000 000,0	5000 000,0	1749	1092
Мемлекеттік тапсырыс	-	607454,55	327	308
Сый	-	84800,00	167	105
Құжаттарды толықтыру, өңдеу және негізгі қорды сақтау бөлімі кітап алмастыру	-	15500,00	53	15
Барлығы:		5 707754,55	2296	1520
«Қазпошта» АҚ	1000 000,0	989535,57	494	281
Барлығы:	6000 000,0	6697290,12	2790	1801

2023 жылы кітапхананың кітап қорын толықтыруға бюджеттік қаржыландыру жоспары бойынша **5000,0** теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы баға ұсыныстарын сұрау тәсілі бойынша, басылымдарды сатып алу жүзеге асырылды.

Есепті жылы бұл сомаға **1749** дана (с.і қазақ тілінде **1092** дана (62%) кітап сатып алынды.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша **327** дана, (с.і. қазақ тілінде **308** дана). Бұларды ақын-жазушылар, қоғам бірлестіктер, Корея Елшілігі ұсынған корей тілінде жазылған 52 дана кітап жиыны **167** (с.і қазақ тілінде **105** дана) кітаптар кітапханаға сыйға тартылды. Мерзімді басылымдар **494** дана (с.і. қазақ тілінде **281** дана). Кітап алмастыру **53** дана (с.і қазақ тілінде **15** дана).



Есептік жылы кітапхана 989535,37 теңге сомасында мерзімді басылымдарға жазылды. Оның 59 атауы газеттер мен журналдар, с.і 40 атауы қазақ тілінде келіп түсті. Оның ішінде балаларға арналған мерзімдік басылымдардың жалпы саны 31 атауды (с.і қазақ тілінде 17).

Есепті кезеңде кітапхана қорына барлығы 2790 дана басылым түсті (с.і. қазақ тілінде 1801 дана). 2022 жылмен салыстырғанда (1821 дана, с. і қазақ тілінде 820) сатып алынған кітаптар саны 72 данаға аз, бірақ мемлекеттік тілдегі дана саны 272 өсті.

2023 жыл бюджеттік қаржыландыру бойынша түскен кітаптар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех., а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
1749	450	267	18	62	3,5	4	0,2	6	0,3	42	2,4	1368	78,2

2023 жылғы бюджеттік қаржыландыру бойынша қазақ тілінде түскен кітаптар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех., а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білім, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
1092	272	206	18,8	17	1,5	-	-	6	0,5	30	2,7	833	76,3

Есепті жылы 1749 дана (с.і қазақ тілінде 1092 дана) (62%) кітап сатып алынды.

2023 жыл түскен кітаптар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех., а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі ә/тану	%	көркем әдебие т	%
2288	898	379	16,5	72	3,1	6	0,3	34	1,5	81	3,5	1716	75

2023 жылы қазақ тілінде түскен кітаптар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех., а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білім і /тану	%	көркем әдебиет	%
1514	611	294	19,4	24	1,6	-	-	22	1,4	64	4,2	1110	73,3

2023 жылы түскен балалар әдебиеті

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех., а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебие т	%
1679	453	335	20	69	4,1	5	0,3	9	0,5	43	2,5	1218	72,5

2023 жылы қазақ тілінде түскен балалар әдебиеті

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех., а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебие т	%

939	237	194	20,6	13	1,4	-		7	0,7	32	3,4	693	74
-----	-----	-----	------	----	-----	---	--	---	-----	----	-----	-----	----

Қорға түскен балалар әдебиетінің саны **1679** дананы құрайды (с.і. қазақ тілінде **939** дана) 60,2 % құрайды. 2022 жылмен салыстырғанда балалар әдебиеті қорының мемлекеттік тілде өсуі байқалады (**93** данаға).


Жалпы кітапхана қорының құрамы 01.01.2024 ж.

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн	атауы	жсә	%	жғә	%	тех., а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебие т	%
138390	34772	22293	16	10861	7,8	3580	2,6	16368	11,8	9390	6,8	75898	55

Қазақ тіліндегі кітапхана қорының құрамы

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн	атауы	жсә	%	жғә	%	тех., а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебие т	%
34772		8385	24,1	1054	3	604	1,7	1878	5,4	1504	4,3	1347	61,6

01.01.2024 жылға кітапхана қоры **138390** дана с.і. қазақ тілінде **34772** дананы (25,1%) құрайды. Есептік кезеңде кітапхана қорына барлығы **2790** дана кітап басылымы түсті (с.і. қазақ тілінде **1801** дана), оның ішінде балалар кітаптары мен балалар мерзімді басылымдары-**1679** дана, 60,1% с.і. қазақ тілінде **939** дана 51,1% құрайды. 2023 жылы сақтау мерзімінің өтуіне байланысты **247** дана (с.і. қазақ тілінде **139** дана) басылымдар есептен шығарылды.



2023 жылы басылымдардың есептен шығуы

Барлығы	атау	оның ішінде білім салалары бойынша											
		жсэ	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спор т, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
247	79	132	53,4	25	10,1	-	-	13	5,3	17	7	60	24,2

2023 жылы қазақ тілінде басылымдардың есептен шығуы

Барлығы	атау	оның ішінде білім салалары бойынша											
		жсэ	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спор т, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
139	36	70	50,3	25	18	-	-	-	-	14	10,1	30	21,6

III. ОҚЫРМАНДАРҒА КІТАПХАНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ. КІТАПХАНА ЖАРНАМАСЫ

Кітапхана 2023 жыл ішінде бекітілген жоспарға сай жұмыс атқарды. Оқырман-балаларға қызмет көрсету кезінде баланың жасына байланысты психологиялық ерекшеліктері ескеріледі. Жұмыста ақпараттық ресурстарды және электрондық тасымалдағыштардағы ақпаратты пайдалану кітапханаға жаңа оқырмандарды тартуға мүмкіндік береді.

Мерзімді басылымдарда кітапхана қызметін жандандыру кітапхана имиджін көтеруге себепкер болды. Кітапхананың тыныс-тіршілігі туралы мақалалар республикалық, облыстық «Ұлан», «Дружные ребята», «Мөлдір бұлақ», «Кітап патшалығы», «Простор», «Жастар әлемі», «Ortalyq Qazaqstan», «Индустриялық Қарағанды», газеттері мен журналдарында және электрондық басылымдарда жарияланды. Есепті кезеде 62 материал, оның ішінде кітапхана қызметі туралы 40 мақала (қазақ тілінде -22, орыс тілінде 18), 22 ТВ сюжет (қазақ тілінде -8, орыс тілінде -14). С.і. 6 кітапханашы мерзімді басылымдарда жарық көрген мақаланың авторы. Сондай-ақ, «5 арна» мен бірлесіп «Кітап дүкені» телевизиялық жобасынан 4 бағдарлама эфирге шықты.

Кітапхана мүмкіндіктерін кеңейту және беделін қалыптастыру үшін қаладағы ЖББМ және гимназиялардың оқушыларына, балабақша бүлдіршіндеріне мен мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері арналған экскурсиялар өткізілді. Есепті кезеде кітапхана оқырмандары үшін 20 экскурсия өткізілді. Қатысқан адам саны 635 ға жуық.

Экскурсия тақырыбы: «Келіңіз! Қараңыз! Оқыңыз!», «Кітапхана достарымен кездеседі», «Кітапхана шақырады...» және т.б. Қала мектептері оқушыларымен «Кітапхана



шақырады...» атты қызықты және танымды экскурсия барысында балалар кітапханаға жазылу ережесімен, кітапхана кестесімен танысады. Бөлім қызметкерлері кітап қоры мен мерзімді басылымдар туралы, кітапханада өткізілетін іс-шаралар туралы әңгімелейді.

Дәстүр бойынша, жылдың алғашқы күндерінде кітапханада «**Сен – біздің бірінші оқырман**» акциясы оқырмандардың арасында танымал болып келеді. 2023 жылғы 3 қаңтарда кітапханаға қайта тіркелген 10 оқырманға естелік медалі шағын сыйлықтар табыс етілді.

Халықаралық кітап сыйлау күніне орай кітапханамыздың оқырмандары өздерінің үй кітапханаларынан 53 дана кітаптарды сыйға тартты. Айтулы мереке күні біздің оқырмандар да тосын сыйларсыз қалған жоқ. Кітапхананың белсенді оқырмандарына сыйлық ретінде кітаптар табысталды.



Кітапхананың имидждік



қызметін көтеру мақсатында қызмет көрсету бөлімінің қызметкерлері қаладағы №4, 20, 64, ЖББМ, №97 гимназия, «Ақниет», «Бота» балабақшаларына, №4 көп балалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға арналған мектеп-интернатына барып өткізді. Шығу нәтижесінде 255-тен астам бала қамтылды.

Оқырманның кітап оқуға деген құштарлығын, кітапханаға және жалпы кітапханашыларға деген көзқарасын анықтау мақсатында, орта және жоғары сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімі төртінші тоқсанда оқырмандар арасында сауалнама жүргізілді.

Сауалнаманың барлық кезеңінде әртүрлі жас санатындағы 94 оқырман сауалнамаға қатысты. Жиналған сауалнамалардың жартысына жуығы мемлекеттік тілде толтырылған.

Алынған статистикалық мәліметтерге сәйкес, ең жоғары белсенділікті 5-7 сынып оқушылары танытты. Сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі қыздар болды.

Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі немесе 82%-ы кітап оқуға деген қызығушылықтың жоғары деңгейін көрсетті. Бұл жағдайда сауалнаманың тіркелген кітапхана пайдаланушылары арасында жүргізілгенін ескеру қажет. Оқырмандардың 46%-ы тұрақты кітап оқиды.

2021 жылы жанрлық таңдауды анықтау кезінде дауыстардың жоғары пайызы «классикалық әдебиет» позициясына тиесілі болса, ал биыл фантастикалық жанр (60%), детективтер - 29%, классика - 25% атап өтілді.

Егер 2021 жылы оқырмандар ата-аналардың ұсыныстарына басымдық берсе, 2023 жылы жетекші орынды (32%) интернет алады. Оқырман әлеуметтік желілердегі кітаптарды, сондай-ақ қызығушылық танытқан блогерлерді жарнамалаудың арқасында оқу тізімдерін өзі үшін жасайды.

Респонденттердің басым көпшілігі кітапханаға 6-12 жаста келе бастады – респонденттердің жалпы санының 60%-ы. Сауалнамаға қатысушылардың 37%-ы 13 пен 16 жас аралығындағылар кітапханаға жазылды. Қатысушылардың үштен бір бөлігі кітапхана туралы ата-аналарынан білген – 39%.

Оқырмандардың пікірінше, кітапхананың жағымды жақтары: кітаптардың көптігі мен алуан түрлілігі, керемет безендіру, мейірімді қызметкерлер, қолжетімді және жайлы кеңістік, жағымды атмосфера, жақсы жөндеу жұмыстары, жағдайлары жақсы кітаптар, оқу залында тыныштықта оқуға ыңғайлы, жақын жерде кітап дүкені, кітапхана қала орталығында орналасқан, барлығы тегін, қол жетімді интернет, компьютерлердің болуы, кітаптар жаңартылады, кітапханашымен кеңесуге болады, кітапханада оқу мүмкіндігі, үйірмелерге қатысу мүмкіндігі.

Оқырмандардың ұсыныстары: қазақ тіліндегі аударма кітаптары, ағылшын тіліндегі кітаптар мен комикстер аз, қазақ тіліндегі заманауи балалар кітаптары қажет, қыста кітапханада суық болады.

Жүргізілген сауалнама кітапхананы одан әрі дамыту стратегиясын анықтауда ерекше назар аударуды қажет ететін бірқатар тәуекелдерді анықтады.

Респонденттер тарапынан бұл іс-шара диалог тәсілдерінің бірі болып табылады және кітапхана өз оқырмандарын «естітінін», олардың мүдделерін ескеруге және уақыт талаптарына сәйкес өзгеруге дайын екенін дәлелдейді.

IV. ОҚЫРМАНДАР ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРДЕЛЕУ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Үйірме және клуб жұмыстары

Кітапханада балалардың шығармашылық қабілеттерін мен бос уақытын ұйымдастыру мақсатында клуб, үйірмелер, зертхана, студиялар жұмыс жасайды, олардың саны 7. Бұл жұмысты кітапханашылар жоспарлап, ақысыз негізде жүргізіледі.

«Қауырсын қалам» әдеби клубының 8 отырысы өтті. «Қауырсын қалам» клубының жұмысы аясында белгілі балалар



жазушысы Марат Қабанбаевтың шығармашылығымен әдеби таныстыру, «Ненапрасное творчество» атты поэтикалық жиынға қатысқан балалар өздерінің жаңа өлеңдері оқып ой бөлісті. Клуб мүшесі Диана Котляревская Томск облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы ұйымдастырған (Ресей) «Устами детей говорит мир» балалар мен жастардың әдеби шығармашылығының халықаралық байқауына қатысып, «Литературная палитра» номинациясы бойынша диплом иеленді.



«**Жәдігер**» өлкетану клубы аясында бірнеше іс-шаралар ұйымдастырылды. Дегенмен, клуб жұмысының деңгейі әлі де көтеруді қажет етеді. Клуб жетекшісі Е. Кучаеваның клуб жұмысын ұйымдастыру бағыты бойынша ескертулер берілді.

«**Шуақ**» балалар шығармашылық студиясының жұмысы 3-7 жастағы балаларға арналған. Әр апта сайын балалар әдеби шығармашылықпен танысу және қолөнер жасауды үйрену үшін балалар ата-аналарымен үйірме сабағына келіп отырды. Есепті кезеңде 30 сабақ өткізілді.

«**FreeStyle**» кітапханасының арт-шеберханасында балалар ұлттық өнердің негіздерімен танысып қыздарға арналған зергерлік бұйымдарды тігумен және жасаумен айналысады. Үйірме сабағы төртінші тоқсанда тренерлер Ю. Нестеров және Б. Көшкімбаеваның шақырылуымен өтті. Жыл ішінде барлығы 11 шеберлік сыныбы өткізілді. Үйірменің белсенді қатысушылары-20 адам.



Кітапханада танымды және қызықты «**Көңілді English**» үйірмесі жұмыс істейді. Үйірмеге 7-11 жастағы балалар қатысады. Ағылшын тілін ойын, музыка арқылы үйрену балаларды жалықтырмай, тіл үйренуге талпыныстарын арттырады. Жыл ішінде үйірменің 16 сабағы өткізілді.

«**Кел, қазақша сөйлейік**» үйірмесінің жұмысы танымдық ойындар түрінде өтуде. Есепті кезеңде 16 сабақ өткізілді. Сабаққа 164 бала қатысты.

«**Қызықты ғылым**» кітапханалық зертханасы аясында 14 шеберлік сыныбы шеберлік сыныптары өткізілді.



Ата-аналармен жұмыс

Халықаралық отбасы күніне арналған «**Отбасы – бақыт мекені!**» атты отбасылық демалыс сағаты өтті. Шараға кітапхананың жас оқырмандар ата-аналармен бірге шақырылды. Ата-аналар мен балалардың назарына үйде оқуға арналған кітаптар ұсынылды, сондай-ақ Вьюшковтар отбасы орыс халық ертегілер дауыстап оқыды.

Биылғы жылы маусым айының үшінші жексенбісін елімізде «**Әкелер күні**» ретінде атап өту туралы Қаулы қабылданды. Осы мерекеге орай кітапханада «**Әкеммен бірге оқимын**» атты дауыстап оқу өтті. Кітапхананың тұрақты оқырмандары Хасен Әлім мен Азиз және Печерских Полинаның әкелері «Бірге оқимыз, бірге ойнайық» атты әдеби ойынына қатысып, отбасы туралы қызықты мақал-мәтелдер айтты. Әкелер бос уақыттарын балаларымен қызықты әрі пайдалы етіп өткізді.

V. КӨПШІЛІК ШАРАЛАР



Жыл ішінде 85 көпшілік іс-шаралар өтті. Қатысқан адам саны 5491. Есептік кезеңде 36 кітап көрмелері ұйымдастырылды.

Наурыз мерекесі

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі қарсаңында кітапханада «**Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!**» этновитражы ұйымдастырылды. Этновитраж Наурыз мерекесінің ерекшеліктері – көктемгі күн мен түннің теңелу күні туралы білімді кеңінен насихаттауға бағытталған.



Сондай-ақ, «Киіз үй» этноконструкторын құрастыру бойынша 6 тренинг өткізілді. Қарағандылық балаларға киіз үймен жақынырақ танысуға толық мүмкіндік жасалды.

Жеңіс күні

Ұлы Жеңістің 78 жылдығына орай «Желбірейді Жеңіс туы» мәңгілік атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, «Өлмес полк. Бір суреттің тарихы» атты акция өтті. Акция аясында оқырман балалар өздерінің ата-бабалары ҰОС ардагерлері туралы 10 дана бейнероликтер дайындап кітапхананың әлеуметтік желілердегі парақшаларына орналастырылды.



Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай кітапханада «Дәуірдің қаралы парақтары» атты реквием-кеші өткізілді. Іс-шараға Долинка кентіндегі Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу музейінің ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы И.Кондрашов және №15 ЖББМ 10 сынып оқушылары қатысты. Кездесу барысында оқушылар қуғын-сүргін және әр түрлі қиын тағдырлардан өткен тұтқынға түскен ақындардың өлеңдері оқылды.



Балаларды қорғау күні

Абай атындағы кітапхананың 70 жылдық мерейтойы аясында, халықаралық балаларды қорғау күніне орай «БҒА – 70 Библиоғарыштық аймақ» кітапхана кеші акциясы өткізілді. Шарада балалар «Галактикалық кинозал», «Жұлдыздар не дейді?» ғарыштық болжамдар мекені, «КосмоBeauty», «КосмоБанк», ғарыштық тәжірибелер зертханасы, «Ғарышқа саяхат» МЕГА-бояу парағы, «Жұлдыздар мен галактикалар торабында» фото-аймақ, «Ғарыштық филармония», «Dignatera» робототехника алаңы сияқты ғарыштық аймақтарға саяхаттады. Алаңдардағы түрлі іс-шараларға қатысу барысында қонақтар библиоақшалар тауып, тапқан табысын космокафесіне жұмсап ас мәзірінен дәм татты.



Кеш бойы мереке қонақтарына Марат Бекішевтің жетекшілігімен №2 балалар музыкалық мектебінің «Юность» вокалдық тобы және рок, поп-рок жанрларында авторлық әндерді орындайтын «Чай с котом» тобы өнер көрсетті. Қатысқан бала саны -300.

ҚР мемлекеттік рәміздер күні

Кітапхана оқырмандары үшін ҚР Мемлекеттік рәміздер күніне орай «Бірлік пен бейбітшілік рәміздері» атты патриоттық сағаты өткізілді.

Абай күні

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына 178 жыл толуына орай «Абай мұрасы мәңгілік – қазына» атты поэзиялық сағат өтті. Шара аясында №17 ЖББМ 6 сынып оқушысы А. Владимирқызы Димаш Құдайберген бастаған челленджді қабыл алып «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңін жатқа оқыды. Сондай-ақ, белсенді өмір сүру орталығының «Сәулем – ай» әжелер вокалдық тобы «Көзімнің қарасы» әні мен Қ. Бакраевтың орындауында «Желсіз түнде жарық ай» әннің қатысушылар назарына ұсынды. Абай күніне арналған мерекелік шарамен Жазғы оқу залы жабылды.



Республика күні

Ұлттық мереке – Республика күніне орай кітапханада «Асқақтай бер, айбынды Қазақстан!» атты мерекелік микрофон өткізілді. Шараға №51 қосымша білім беру мектеп-орталығы, Ғ. Мұстафин атындағы



ЖББМ оқушылары қатысты. Балалар Отан, Қазақстан, туған жер жайлы өлеңдерді мәнерлеп оқып, ән шырқады.

Ұлттық валюта күні

Ұлттық валюта теңгенің 30 жылдық мерейтойына орай кітапханада №97 гимназиясының оқушыларының қатысуымен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілдерімен кездесу өтті. Жиынға коллекционерлер клубының мүшелері қатысып, теңгелер топтамасымен таныстырды.

Тәуелсіздік күні

Тәуелсіздік күнін мерекелеу аясында «Тәуелсіз елім – кең байтақ жерім» атты патриоттық сағат өтті. Іс-шараға Қазыбек би ауданы бойынша үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімінің балалары, ата-аналары және әлеуметтік қызметкерлері келді.

Әдебиетті насихаттау

Кітапханада «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында «Бір ел - бір кітап» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге белгілі драматург және жазушы Төлен Әбдіктің өмірі мен шығармашылығы туралы ақпаратпен толықтырылды. Сондай-ақ, жазушының шығармаларын насихаттау мақсатында Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің «мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» факултетінің 1 курс студенттерімен жазушының шығармалары бойынша «Quiz» ойыны ойнатылды.



Балалар кітабының апталығы

Балалардың көктемгі демалысы кезінде кітапханада 24-29 наурыз аралығында дәстүрлі «Балалар кітабының апталығы» өтті. Апталықтың әр күні қызықты және танымдық іс-шараларға толы болды, апталығы аясында «Бәріміз бірге оқимыз» саунд оқу, «Стильді кітапхана күні» кітап дефилесі, «Ертегі ойнаймыз» библиоперформансы, «Әдеби ассорти» квестбүгі.



Сондай-ақ «Қазақ балалар әдебиетінің антологиясының» 10 томдық жинағының тұсаукесер рәсімі өткізілді. Іс-шараға антологияны құрастырушы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдебиеті сыйлығының лауреаты, белгілі ақын Байбота Қошым-Ноғай Алматы қаласынан арнайы қонақ ретінде шақырылды. Шараға Қарағанды облысы балалар кітапханасының кітапханашылары мен мектеп кітапханашылары, қала мектептерінің оқушылары, колледж студенттері қатысты.

Дәстүр бойынша балалар кітабы апталығын қорытындылайтын «Оқырман бенефисі» мерекелік-құттықтау бағдарламасы өтті. Іс-шара барысында 2022 жылы кітапханаға үзбей келіп, өз белсенділіктерін танытқан үздік оқырман балалар мен оқырман отбасылар тоғыз номинация бойынша марапатталды: «Ең бірінші оқырман», «Ең кішкентай оқырман», «Ең адал оқырман», «Фэнтези оқырманы», «Мәңгілік классика», «Детектив оқырманы», «Кітапхана досы», «Оқу рекордсмені», «Ең көп оқитын отбасы». Барлық номинанттарға дипломдармен Абай Құнанбаевтың «Қара сөздері» кітабы табысталды.



Барлық номинанттарға



Құрманғазы Сағырбайұлының 205 жылдығы

Ұлы күйші-композитор Құрманғазы Сағырбайұлының туғанына 205 жыл толуына орай «Күй атасы – Құрманғазы» атты әдеби-музыкалық кеш өткізілді. Іс-шараға Тәттімбет атындағы

академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің директоры Санжар Ашкенов және №6, №10 ЖББМ-тің оқушылары қатысты.

Ықылас Дүкенұлының 180 жылдығы

Даңқты қобызшы Ықылас Дүкенұлының туғанына 180 жыл толуына орай **«Ықылас – қобыздың атасы»** атты музыкалық портфолио өткізілді. Іс-шараға Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің қылқобыз сыныбының ұстазы Ж. Жұмабеков, мамандандырылған музыка мектеп-интернатының қобыз аспабының ұстазы А. Оразбекова қатысты. Басқосуға жиналған аталмыш кеште Ықылас мұрасына ерекше ықылас танытып, қобызшының күйлері жөнінде әңгіме өрбіді.



Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығы

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай **«Өшпес мұра қалдырған ұлы ақын»** атты поэтикалық кеші өткізілді. Кешке Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ, журналистика кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Ә.Құтжанұлы, «Мағжанның Педагогикасы» және ұлт тәрбиесі бағыты бойынша 1-орын иегері «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-интернатының мұғалімі Қ.Беллулин, М.Жұмабаев атындағы №39 гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі Ж. Мұстафина арнайы спикер ретінде қатысты.



Жанайдар Садуақасовтың 125 жылдығы

Кітапханада қоғам қайраткері, Алаштың ардақты перзенті Жанайдар Садуақасовтың туғанына 125 жыл толуына орай **«Ардақты азамат жұрт жадында»** атты дөңгелек үстел өткізілді. Аталмыш шараға Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің оқытушысы Қ.Түсіпбек, Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының тарих пәнінің мұғалімі А.Тарыбаева, Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің кіші ғылыми қызметкері А.Усманова және Б. Момышұлы атындағы мектептің оқушылары қатысты.



Тәкен Әлімқұловтың 105 жылдығы

«Қарағанды техникалық экономикалық колледжі» ЖМ 1 курс студенттерінің қатысуымен Тәкен Әлімқұловтың 105 жылдығына арналған ауызша журнал форматында **«Оқырманын тәнті еткен–Тәкен»** атты танымдық іс-шара өтті. Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы п.ғ.м, докторант А.Қ.Қайырбекова арнайы шақырылып, өз ойымен бөлісті.



Әмен Қайдаровтың 100 жылдығына

Қарағанды облысының тумасы, қазақтан шыққан тұңғыш мультфильм режиссері Әмен Қайдаровтың туғанына 100 жыл толуына орай **«Қазақ мультфильмінің қарлығашы»** атты мультшеру өтті. Шараға жиналған балалар мен ересектер Н.В.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының кітапханашылары дайындаған кітап көрмесімен танысты. Балалар «Қарлығаштың құйрығы неге айыр», «Ақсақ-құлан» мультфильмдерді тамашалады.

Анатолий Билыктің 95 жылдығы

Кітапханада суретші, мүсінші Анатолий Билыктің туғанына 95 жыл толуына орай **«Аңызға айналған мүсінші»** атты таныстыру сағаты өтті. Іс-шараға қатысқан балаларға мүсіндік жанрдың белгілі шебері туралы Қарағанды облыстық бейнелеу өнері мұражайының бас сақтаушысы Д. Қадырқұлова қызықты әңгімелеп берді.

Кітапханада «**Тың жер**» кітабын құрастырушы автор Наталья Рожновамен қызықты кездесу өтті.

2024 жылы тың және тыңайған жерлерді игерудің басталғанына 70 жыл толады. Құрастырушы автор кітап жинақтау идеясының пайда болуы және әңгімелерде жеке тарауларға енген адамдармен кездесулері туралы айтты.



Халықаралық форум

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен Абай атындағы облыстық балалар кітапханасының 70 жылдық мерейтойына орай 2023 жылы 13-14 қыркүйек күндері «**Балалар кітапханасы: идеялар кеңістігі**» халықаралық форум өткізілді. Форумға Қырғызстан, Ресей елдері балалар кітапханаларының басшылары, балалар жазушылары, Қазақстанның ұлттық және облыстық кітапханаларының басшылары, қоғам қайраткерлері, кітапханашылар, облыс ОКЖ басшылары қатысты.



Пленарлық алаңда «Кітапхананың жобалық қызметі: кітапхана тәжірибесінен» К.Баялинов атындағы Республикалық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының директоры (Бішкек қ., Қырғыз Республикасы) Р. Султангазиева және «ҚазҰЭК жаңғыртудың жол картасы» тақырыбында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы басшысының ақпараттық ресурстар бойынша орынбасары (Астана қ., ҚР) Н.Жолдыбалинов, Қазақстан Жазушылар одағының балалар жазушылары секциясының төрағасы Н.Ақыш баяндама жасады.



Форум аясында шетелдік қонақтар, облыстық республикалық кітапханалардың басшылары, облыс және қала кітапханашылары «**3D: Даму. Дағды. Демал**» friends-акциясына қатысты. Қонақтарға «Киіз үй» этноқұрастырғышын жинау, «Библиографиялық құралдар» көрмесі, «Кітапханадағы ойын алаңы», «Имиджіңді өзгерт» фото аймағы кітапханашының келбетің жасауға көмектесті, ал іс-шара лотерея ұтыс ойынымен аяқталды.

Халықаралық форум 2 алаңда өз жұмысын жазушылармен кездесуден бастады. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушылар одағының балалар жазушылар секциясының төрағасы Н. Ақыш пен республикалық «Мұнара» газеті мен «Иман» журналының бас редакторы С.Хасан сонымен қоса Н.Инжевская мен А.Шипулина сынды балалар жазушыларымен кездесу болды. «**Ашық микрофон**» алаңында кітапхананың белсенді оқырмандары, достары мен бүлдіршін оқырмандарымыздың ата-аналары кітапхананың 70 жылдық торқалы тойымен өз құттықтауларын жолдады.



Іс – шара өз жалғасын «**Балалар кітапханаларының өзекті мәселелері**» атты дискуссиялық алаңға ұласты. Аталмыш алаңда «Балалар кітапханаларының өзекті мәселелері», «Балалар кітапханасының сайты мен аккаунты: оқырмандар әлде кітапханашылар үшін бе?», «Цифрлық замандағы балалар кітапханаларының даму жолдары» тақырыбында өзекті мәселелер қозғады. Шараға (9 жазушы, республикалық кітапхана басшылар мен әдіскерлер 46, Қарағанды облысының ОКЖ мамандары 44, мектеп кітапханашылары 60, қоғам белсенділері мен ардагер кітапханашылар және т.б. 141) жиыны 300 адам қатысты.

Байқаулар

5 жастағы балалар арасында «**Ертегілер елінде**» атты қалалық театрландырылған байқауы өтті. Байқаудың жүлде қоры «Дарынды бала әлемі» кітабын шығарудың бастамашысы Айнагүл Хамитованың демеушілігімен ұйымдастырылды.

Қазылар алқасының қарауына қаланың 9 балабақшасынан 18 қойылым ұсынылды. Сайысқа 95 бала қатысты.

Қазақ балалар әдебиетінің кемеңгері Мұзафар Әлімбаевтың 100 жылдығына орай 10-11 жас балалар арасында **«Комиксбург»** комикстер облыстық байқауыны өткізілді. Байқауға Қарағанды облысынан 116-дан астам жұмыс келіп түсті. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар: 1 орын – Төлепбергенов Қуаныш (Теміртау қ.) және Сембек Ақмарал (Саран қ.) – графикалық планшет; 2 орын – Майданова Інжу (Қарағанды қ.) және Семенова Анастасия (Осакаров ауданы Молодежный к.) – смарт сағат; 3 орын – Еркеназ Жанабай (Қарқаралы ауданы Қасым Аманжолов ауылы.) және Арыстанбекова Ақерке (Абай ауданы Топар к.) – Bluetooth колонка берілді. Байқау аясында қазылар алқасының шешімімен 8 арнайы ынталандыру номинациялары бекітіліп, жеңімпаздар диплом мен VR-көзілдірікпен марапатталды.



Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен 13-15 жас аралығындағы балалар арасында **«Қобыланды батыр»** эпосы бойынша қалалық байқауы өткізілді. Сайысқа I кезеңде қатысушылар эпос бойынша тестілеуден сыналып, 16 бала жолдама алды. II кезеңде олар эпостан үзіндіні мәнерлеп оқу бойынша сайысқа түсті. Сайысқа қатысқан 20 оқушының ішінен екінші кезеңге 16 үміткер өтті. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар I, II, III орындармен және «Орындаушының шынайылығы», «Әртістік шеберлік», «Жыр жүйрігі», «Қобыланды батыр» жыр білгірі» номинациялар бойынша бағалы сыйлықтар және дипломдармен марапатталды.

Кітапханада Қарағанды өңірінің тумасы, балалардың жүрегіне жол таба білген қарымды қаламгер Жеңіс Қашқыновтың өлеңдерін мәнерлеп оқудан II облыстық байқауы өтті. Сайыс Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, облыстық мәслихаттың депутаты, ақын-айтыскер Айтбай Жұмағұловтың демеушілігімен ұйымдастырылды.



Сайысқа облысымыздың қала-ауылдарындағы 35 білім ошағынан 2-3 сынып оқушыларынан 100-ге жуық өтінім келіп түсті. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаз 20 бағалы сыйлықтар және дипломдармен марапатталды.

Жобалар

Кітапханада Қарағанды облысы этномәдени орталықтары өкілдерінің қатысуымен **«Әр халық – бірегей мәдениет»** атты кездесу циклі өткізілді. Іс-шараға «Poloniya» поляк қоғамының төрағасы В.Хмелевский қатысып мәдени орталықтың қызметі және салт-дәстүрлері, ұлттық мерекелері мен тағамдары туралы таныстырды.



Сондай-ақ, 2023 жылы Корея Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы мәдени алмасу жылын мерекелеу аясында «Қарағанды облысы корейлерінің этномәдени бірлестігі» ҚБ өкілі Лилия Михайловна Кимнің қатысумен кездесу болды. Л. М. Ким кітапханаға Корея Елшілігі ұсынған балаларға арналған корей тілінде жазылған 52 дана кітап сыйға тартты.



Кітапханада отбасылық құндылықтар насихаттау мақсатында **«Ертегілер мен оқиғалар сағаты»** жобасы аясында 12 дауыстап оқу өткізілді. Шараға шақырылған қонақтар «Kenjol инновациялық даму Альянсы қоғамның балалар мен жастар мәселері жөніндегі уәкілі» Д. Ержанова, логопед – дефектолог Г. Рахымбаева, Қарағандылық композитор И. Воробьева, Қарағандылық жазушы Марина Алясова,



«БЖЗҚ» АҚ Қарағанды облыстық филиалының жетекші маманы А. Түсіпбекова, музыкалық-шығармашылық дуэт, әкесі мен қызы Максим мен Алиса Башировтардың қатысумен 6 дауыстап оқу және кітапханашылар әр айдың екінші жексенбісінде 6 дауыстап оқу өткізді. Қатысқан адам саны-310.

«Балалар. Жаз. Кітап» жобасы

Кітап оқу қолжетімділігін барша оқырман балаларға қамтамасыз ету мақсатында кітапханада **«Жаз.Балалар.Кітап»** атты ұзақмерзімді жобасы жүзеге асып келеді. Жоба аясында аптаның әр күні белгілі бір тақырыпқа арналған: Әр дүйсенбі сайын «Оқуға ұсынамыз» букслэм – турнирі өткізілді. Әр сейсенбі сайын «Қызықты ғылым күні». Бұл күні балалар қызықты тәжірибие жасау шеберлік сыныптарына қатыса алады. Әр сәрсенбі сайын кітапхана алаңында «Жазғы оқу залы» ұйымдастырылды. Әр бейсенбі сайын кітапхана қорына түскен жаңа кітаптармен таныстыру әңгіме шолулар және әр жұма сайын кітапхананың мультзалында балаларға арналған мультфильмдер көрсетілді. Жоба аясында іс-шараларға 1500 бала қатысты. 320 бала кітапханаға жаңа оқырман болып жазылды.



Кітапханада IV тоқсанан бастап «5 арна» телеарнасымен бірлесіп **«Кітап сөресі»** жобасын жүзеге асыруда. Қызмет көрсету бөлімінің басшысы М.Подгайнова заманауи, танымал кітаптарды «Кітап дүкені» айдары арқылы көпшілік оқырмандарға таныстырды. Эфирде орыс тілінде 4 бағдарлама жарыққа шықты.



«Мен – тұлғамын» коуч - орталығы

2023 жылы **«Мен-тұлғамын»** кітапханалық коуч– орталығы өз жұмысын жалғастырды. Есепті жылы 3 тренинг ұйымдастырылды. Коуч-жаттықтырушылар Гүлзия Сейітова (Астана қ.) мен Natige» компаниясының негізін қалаушы, кәсіпкер Ерлан Әшім болды. Тренингтер өзін-өзі басқаруды, өздеріне не керектігін, өз мүмкіндіктерін объективті бағалауды, өз-өзімен жұмыс жасауға үйретті.

«Сенімен Болашақ» РҚБ Қарағанды облыстық филиалымен бірлесіп **«Мен тұлғамын» кітапханалық жобасы** аясында рухани танымдық тренингтер өткізді. Іс-шараға «Сенімен Болашақ» РҚБ Қарағанды облыстық филиалының басшысы Индира Жанұзаққызы, психолог Дидар Берікқызы және кәсіпкер, PhD доктор Айдын Кернебаев қатысты. Қонақтар балалар үшін аса маңызды «Тұлға болам десеңіз....», «Рухани құндылықтар - адамгершіліктің негізі» тақырыбында әңгіме өрбітті.

Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл

Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс - қимыл тақырыбы бойынша кітапханада Қарағанды облысы Дін істері басқармасының теологы Ж. Қарсыбекованың қатысуымен **«Біз-террорға қарсымыз!»** атты бейбітшілік сағаты өткізілді. Қонақ балаларға терроршылдықтың түрлері мен мақсат-міндеттері, төтенше жағдайлар кезінде қолданылар қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіріп өтті.



Сыбайлас жемқорлық – қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі. Кітапхананың оқу залында **«Сыбайлас жемқорлық – қоғамның өзекті мәселесі»** атты тақырыптық көрме ұйымдастырылды. Көрмеге жазушылардың көркем шығармада жемқорлық тақырыбында жазылған кітаптары қойылды.

Экология

Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай **«Флора мен фауна білгірлері»** атты квиз ойыны өтті. Балалар топқа бөлініп, жануарлар мен өсімдіктер туралы сұрақтарға жау



Кәсіби бағдар

Кітапханада «Сервис» колледжінің бірінші курс студенттері **шаштараз - стилист Ю. Ковалевская**мен кездесті. Шебер табандылық пен өзін-өзі дамытудың арқасында қарапайым шеберден бастап, «Париж» сұлулық салонының иесі атанғаны туралы айтып берді.

Мүгедектер күні

Мүгедек адамдарды әлеуметтік қолдау айлығы аясында кітапханада Қарағанды қалалық маслихатының депутаты Нияз Сүндеталиевпен **«Бір адамның тарихы»** атты кездесу өтті. Диалог барысында №2 арнайы мектеп-интернатының, №66 мектеп-лицейінің балалары және мүгедектігі бар ересектер мүгедектерге арналған әлеуметтік кепілдіктер туралы заңнамадағы өзгерістер туралы білді, сондай-ақ «Qamqor plus» ААҚ мүгедек адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығының қызметімен танысты.



VI. АНЫҚТАМАЛЫҚ-БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

Анықтамалық-библиографиялық жұмыс жоспарлы түрде жүргізіліп, жыл ішінде «Мақалалар» МБ **1687** б/ж (с. і. қазақ тілінде **748** б/ж) енгізілді.

	жоспар	орындалуы	с. і. қазақ тілі	с.і. орыс тілі
барлығы	1500	1687	748	939

Ағымдағы жыл **356** библиографиялық анықтама орындалды, (с. і. қазақ тілінде **163**), оның ішінде **83** виртуалды анықтама (с. і. қазақ тілінде **54**) болды. Виртуалды анықтама саны 2022 жылмен салыстырғанда (43) 2 есе өсіп, оқырмандардың онлайн қызметтерді пайдалану қарқынының асқанын аңғартады.

Атауы	анықтамалар	с. і. қаз. т.	с.і. виртуалды	с. і. қаз. т.
Тақырыптық	228	94	11	7
Мекенжайлық	72	40	49	35
Нақтылайтын	48	26	20	10
Фактографиялық	8	3	3	2
Барлығы	356	163	83	54

Мақалалар мен кітаптарды сандық түрге көшіру

Есепті кезеңде 110 құжат сандық түрге енгізілді: оның 108-і мерзімді басылымдардағы мақалалар және 2 кітап. Кітапхана өлкетанушы, зерттеуші М.Азбанбаевпен авторлық келісімшартқа отырып, «Архив Қасым Қарқаралы», «Қарқаралы қазағының мінезі» кітаптарын сандық нұсқаға аударуға рұқсат алды.

атауы	мақала, кітап саны	с. і. қаз.т.	бет саны	с. і. қаз.т. / көлемі
Газеттер	84	14	169	26
Журналдар	24	19	99	72
Кітаптар	2	2	488	530
Барлығы:	110	35	756	628

01.01.2024 жылғы кітапхана қорын цифрландыру жағдайы бойынша 713 мақала, 38 кітап құрайды.

Атауы	мақала саны, кітап	оның ішінде қазақ тілінде	Бет саны	оның ішінде қазақ тілінде
2019 - 2023 жж.				
Барлығы:	713	355	2966	1823
Кітаптар	38	14	1893	832
мақалалар	675	341	1660	991
Газеттер	129	233	1207	635
Журналдар	105	108	453	356

VII. ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Аналитикалық қызмет

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының есеп тапсыру кестесіне сәйкес облыстың балалар кітапханаларының 2023 жылғы жұмысы туралы есептері және 2024 жылға арналған жұмыс жоспарлары қабылданды.

Кітапханалық форумдар, конференциялар мен семинарлар. Біліктілікті арттыру

Ағымдағы жылдың 24-25 мамырында кітапханада балалармен жұмыс жасайтын облыс кітапханашылары үшін «Заманауи кітапханашының құзыреттері» атты тағылымдама өткізілді. Тағылымдама облыс кітапханашыларының өзара тиімді іс-қимылы мен дамуы үшін коммуникациялық және ақпараттық-әдістемелік алаң құру мақсатында ұйымдастырылды.

31 қазан күні «Балаларға арналған қызықты библиография» шығармашылық зертхана форматында облыстық семинар өтті.

Семинар оқырман балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, библиографияны насихаттау бойынша балалар кітапханаларының жұмысын жандандыру, кітапханашылардың кәсіби шығармашылығын дамыту, кәсіби тәжірибе алмасу мақсатында өткізілді.

Облыстың балалар кітапханаларының беделін арттыру, инновациялық жобаларды жүзеге асыру бағыттарын жетілдіру мақсатында Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен «Балаларға арналған үздік жоба» облыстық байқауы ұйымдастырылды.

Байқауға жіберілген жобалардың қорытындысы бойынша іріктеу кезеңінен өткен 9 кітапхана таңдалып, жобаны қорғау нәтижесінде Ақтоғай ОКЖ-нің Ақжарық үлгілі ауыл кітапханасының «Өз ойыңнан ертегі құрастыр!» жобасы үздік деп танылып, жеңімпаз кітапхана дипломмен және көп қызметтік құрылғы (МФУ) марапатталды. Байқау ұйымдастыру және өткізу нәтижесінде кітапханалардағы жобалық қызметінің деңгейі әлі де дамытуды талап етілетіні, кітапханашылардың жобаны рәсімдеу, жүргізу жолдарын білмеуі анықталды. Сонымен қатар жобаларды қорғау барысында кітапханашылардың сөйлеу шеберлігінің төмендігі де аңғарылды. Осыған орай, инновациялық-әдістемелік бөлім жұмысына осы бағытты жандандыру жұмысын қолға алу нұсқалды.



Абай атындағы ОБК кітапханашылары біліктілігін арттыру мақсатында іс-шарларға қатысуы. Наурыз айында ШҚО балалар мен жасөспірімдер кітапханасы балалар жазушысы М. Қабанбаевтың 75 жылдығына арналған «Біздің балалар не оқиды?» тақырыбында ұйымдастырылған республикалық конференцияға мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімінің қызметкері К. Болатбекова қатысып, «Балалар кітапханасында кітап оқуды қолдау бағытындағы әдіс - тәсілдері» тақырыбында баяндама жасады.

19-23 сәуірде Астана қаласында өткен «Eurasian Book Fair-2023» VI Еуразиялық халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесіне



кітапхана қызметкерлері арнайы барып, түрлі дәрістер, көрмелер, интерактивті алаңдар, кітап тұсаукесерлері, шеберлік сыныптарына қатысты.

Өскемен қ. О. Бөкей атындағы ОКЖ ұйымдастырумен 16-17 мамырда О. Бөкейдің 80 жылдығына орай «**Кітапхана – ХХІ ғасырдағы сауаттылық түрлерін**» тақырыбында республикалық конференция өтті. Аталған іс-шараға кітапхана басшысының орынбасары Қ. Қалиева қатысты.

3 қазанда Абай атындағы ОБК басшысы Б. Уатаева Ш. Айтматовтың 95 жылдығына арналған «**Ыстықкөл – 2023: кітапханалар және қоғамды демократияландыру**» ХХІ халықаралық конференциясында «Балалар кітапханасының күзіреті» тақырыбында баяндама жасады.



18-19 қазан күндері ҚР ҰАК ұйымдастырған «**Жас кітапханашы – 2023 жыл тандауы**» республикалық байқауға мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы К. Болатбекова әртүрлі шеберлік сыныптарына, тұсаукесерлерге қатысып, біліктілігін арттырды.

Кітапхана қызметкерлерін әдістемелік оқыту. Абай атындағы ОБК кітапханашылары арасында «**Үздік дәстүрлі емес кітап көрмесі**» шығармашылық байқауы ұйымдастырылып, өткізілді. Байқау ерекше форматтағы кітап көрмелерін танымал ету, кітапханашының шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында жоспарланды және бірнеше кітапханашы ерекше кітап көрмелерін ұсынды.

Баспа қызметі

Есепті кезеңде жоспарға сәйкес 7 әдістемелік құралдар басылымға дайындалып, жарыққа шығарылды.



Сонымен қатар, кітапхананың 70 жылдығына орай «Қарағанды балаларының рухани ордасы» жинағы жарық көрді. Жинақтың құрастырушысы Ж.Шаймұханбетова Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының 70 жылдағы қызметінің панорамасын көрсетуге талпыныс жасады. Жинақ үш тараудан тұрады және хронологиялық түрде 1953 жылдан бастап бүгінгі күн аралығын қамтиды. «Абай атындағы облыстық балалар кітапханасы: оқиғалар, даталар, деректер» атты бірінші тарауда 1953 жылдан бүгінгі күнге дейінгі тарих беттері ашылады. «Кітапханашылар және олардың істері туралы» екінші тарауда ОБК тарихында өшпес із қалдырған директорлар мен жетекші кітапханашыларға арналған және кітапхана бөлімдерінің жұмысы туралы мәліметтер берілген. «Болашаққа сеніммен» атты үшінші тарауда басшы, кітапхана ардагерлері, жас кітапханашылар, оқырмандар, ата-аналар, кітапхана серіктестерімен сұхбаттар берілген. Сонымен қатар, жинақ кітапхана мұрағатындағы фотосуреттермен безендірілген. Жинақ Қарағанды облысының мемлекеттік архивінің қорлары (1953-2008 жылдардағы есептер, облыстық мәдениет басқармасының бұйрықтары мен хаттары, Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің құжаттары), Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының құжаттары (2009-2022 жылдардағы есептер, бұйрық кітаптары және басқа құжаттар), мерзімді басылымдардағы жарияланымдар, кітапхана ардагерлерінің естеліктері негізінде құрастырылды. Басылымда облыстық балалар кітапханасының құрылуы мен даму кезеңдері айқын көрінген.

Кітапхананың 70 жылдық мерейтойын мерекелеуге дайындық шеңберінде Абай атындағы ОБК қызметі туралы 1953 жылдан 2023 жылға дейін мерзімді басылым беттерінде жарық көрген мақалаларды іздеу, іріктеу және сандық нұсқаға көшіру нәтижесінде «Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы мерзімді басылым беттерінде» атты библиографиялық көрсеткіш дайындалды.

VII. КІТАПХАНАЛЫҚ-БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ

Бүгінгі күнге Абай атындағы ОБК-да кітапханалық-библиографиялық процестерді автоматтандыру жұмыстары жалғасын табуда. Кітапхананың біршама қызметі жүйелі түрде пайдаланушыларға автоматтандырылған режимде қызмет көрсетуде.

Кітапхананың Internet желісінің дұрыс жұмыс жасауын қамтамасыз етіп, техникалық қолдау көрсетілді. Кітапхананың оң жақ қанатындағы тораптық желі қайта жүргізілді. Кітапхананың сайты мен әлеуметтік желідегі парақшаларының жұмысы бақылауда болып, контенті жаңартылып отырды. Жылдан жылға әлеуметтік желідегі пайдаланушылар саны артып отырғанын атап өту керек.

Әлеуметтік желілер бойынша статистика

Әлеуметтік желілер	жазылушылар	жарияланымдар	қаралым
facebook	1141	509	65900
Instagram	5035	539	220682
vk.com	5979	551	42979
YouTube канал	663	62	33627
Телеграмм	52	119	2551
Барлығы:	12870	1780	365748

Есепті кезеңде «Instagram» әлеуметтік желісіндегі жазылушылардың саны **201** пайдаланушыға артып, **5035** жазылушыны құрады. Facebook тіркелушілері өткен жылмен салыстырғанда **36** пайдаланушыға ал, Vk.com желісінде тіркелушілер өткен жылмен салыстырғанда **164** жазылушыларға азайды. YouTube жазылушылар 2022 жылмен салыстырғанда **328** пайдаланушыға көбейді.

Сайттың Яндекс Метрика есептегіші арқылы 2023 жарты жылғы статистикасы төмендегідей анықталды:

	қаралымы	келушілер	келімі
2022	61010	31088	31357
2023	82684	50755	45772
өсім	+21674	19667	14415

Кітапхананың компьютер паркі мен перифериялық жабдықтары

Компьютер барлығы		ноутбук	сервер	принтер				сканер		көшірме	ҚФҚ	факс	проектор		Бук-р		
2022	2023			лазерлі	түрлі - түсті		принтер штрих-код	сканер	сканер штрих-код				2022	2023			
43	53				2022	2023										1	2
43	53				2	1										7	1

Биыл кітапханаға 10 компьютер сатып алынып, есепте 53 компьютер бар. Ескірген компьютерлерді есептен шығару келесі жыл жоспарына енгізілді. Кітапхана ВОЛС

технологиясы бойынша интернетке қол жеткізе алады және пайдаланушылар үшін тегін WI-Fi қолжетімділігі бар.

IX. КІТАПХАНАНЫ БАСҚАРУ. ЕҢБЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ. КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС

Кадрлармен жұмыс. Персоналдың моральді және материалды уәждемесі

01.01.2024 жылға кітапхана штаты 40 бірлікті құрайды, оның ішінде кітапхана қызметкерлері – 23.

Білім бойынша кітапхана қызметкерлерінің құрамы

Барлығы	оның ішінде кітапханашылар	Білім бойынша кітапханашылардың құрамы			
		жоғары		орта арнайы	
		кітапханалық	басқа	кітапханалық	басқа
40	23	10	11	1	1

Кітапханашылардың жас ерекшеліктері

Барлығы	35 жасқа дейін	%	30-50 жас	%	50-60 жас	%	58 жастан жоғары	%
23	5	21,7%	7	30,4%	9	39%	2	8,6%

Кестедегі мәліметтер негізінде 50-ден асқан қызметкерлер саны 11 адам, яғни 47,8% құраса, 50 жасқа дейінгі мамандардың саны 12 адам болып, 52% құрайды. Мамандардың орта жасы 38 жасты құрайды. 3 кітапханашы бала күтіміне байланысты еңбекақысыз демалысында, 1 кітапханашы Бөкетов университетінде сырттай оқиды. Кадрлар мәселесі кітапханада әлі де шешімін талап ететін мәселенің бірі. 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап облыс әкімінің шешімімен кітапханан қызметкерлеріне 30% үстемақы тағайындау туралы шешімі кітапханашылар арасында оң серпіліс берді. Яғни, жүктемесі көбірек қызметкерге үстеме ақы төлеу оны уәждеуге ынталандырып отыр.

Кітапханашы қызметкерлердің мамандығы бойынша еңбек өтілі

Барлығы	1 жасқа дейінгі	%	1-5 жас	%	6-10 жас	%	10 жастан жоғары	%
24	1	4,2%	5	20,8%	2	8,3%	16	66,7%

16 кітапханашының (66,7%) 10 жылдан астам жұмыс өтілі бар.

Көтермелеу

Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай кітапханамызда орта және жоғары сынып оқушыларына балаларға қызмет көрсету бөлімінің басшысы

Подгайнова. Мәдениет және өнер қызметкерлеріне арналған Қарағанды облыс әкімінің «Үздік кітапханашы» номинациясымен және инженер-жүйетехнигі Н. Мухашева Қарағанды облысы МАҚБ «Үздік IT-маман» номинациясымен марапатталды.



24 қазан кітапханашылар күніне орай Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен кітапхана басшысының орынбасары Қ. Калиева, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасының «Кітапхана саласының үздігі» төсбелгісімен құжаттарды толықтыру, өңдеу және негізгі қорды сақтау бөлімінің басшысының м.а. Л. Кирина және Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының



«Облыстық кітапханалардың үздік кітапханашысы» номинациясымен инновациялық – әдістемелік бөлімі басшысының м.а. О. Мусина марапатталды. Соынмен қатар Қарағанды облысы әкімі мен Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарымен 11 кітапхана қызметкері марапатталды.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Балалар кітапханасы мен білім беру мекемелерінің өзара ынтымақтастығы кітап оқуды насихаттауда ерекше орынға ие. Балаларды кітап оқуға тарту, оқу қызушылығын қалыптастыру мақсатында кітапханада мектеп директорларының қатысуымен **«Білім кілті кітапта»** атты дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шараның арнайы қонағы «Nətige» және «220 VOLT» компанияларының бас директоры Е.М. Әшім бүгінгі балалардың тәрбиесінде кітаптың алатын орны туралы ой бөлісті. Сондай-ақ, кітапхана басшысы Б. Уатаева «Балалар кітапханасының әлеуеті» баяндама жасады. Кітап оқудың маңыздылығына арналған іс-шарада мектеп басшыларымен ашық алаңда пікір алмасу болды.



Кітапхана түрлі ұйымдармен және шығармашылық бірлестіктермен белсенді жұмыс істейді. «Француз Альянсы» мәдени-білім беру орталығының директоры Е. Фирсова **«Комикстер ателъесі»** шеберлік сыныбын өткізіп, француз комикстерімен таныстырды.



Кітапхана серіктестік байланыстарын нығайту үшін **«Думан» бөбекжайы** мен Абай атындағы балалар кітапханасы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Шараға «Думан» бөбекжайының ата-аналар комитетінің мүшелері және тәрбиеленушілері қатысты. Құжатқа салтанатты қол қою барысында тараптар мен міндеттемелер айтылып, одан әрі бірлескен іс-шаралардың жоспары талқыланды.

Кітапханада **«Алаш Орда көшбасшыларының, Қазақтың би-шешендерінің мұрасы»** атты лекторий ғалымдармен, журналистер және жастардың қатысуымен өтті. Бұл шараны ұйымдастырушылар – «Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы» ММ және «Қарағанды облысының кәсіпкерлер қауымдастығы» ҚБ. Дәріс шешендік өнер туралы жан-жақты мағлұмат берілумен қатар, дұрыс және түсінікті сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталды.



МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА

Абай атындағы ОБК есепті жылы 7 602 000 тг сомасына ғимаратының терезелерін ауыстыру және қасбетіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Кітапхананы жөндеуге байланысты балалар кітапханасының мақсатын орындауға бағытталған аймақтарды бөле отырып, орта және жоғары мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімінің алаңын қайта құру туралы шешім қабылданды. Пайдаланушыларға ыңғайлы болу және кеңістікті тиімді пайдалану үшін оқу залы мен абонемент ауыстырылды. Оқу залында оқырмандар пайдалануға арналған компьютерлермен жабдықталған 5 орын бар.

Жөндеу жұмыстарын жүргізуде және жиһаздармен жабықтауда кәсіпкер «Nətige» және «220 VOLT» компанияларының бас директоры Ерлан Әшім демеушілік көмек көрсетті.

Абонементте ашық қолжетімділік кеңейді, терезелердің жанында оқуға ыңғайлы аймақтар бөлінді, дизайнерлік шешімдердің көмегімен жұмсақ орындықтар орнатылды, көрме аймақтары бар.

Сондай-ақ, 10 дана компьютерлік жинтық, 25 дана бағдарламалық қамтамасыз ету, түрлі-түсті принтер, проектор алынды.

ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Кітапхана ғимараты 1955 жылы қолданысқа берілген тұрғын үйдің бірінші қабатында орналасқандықтан, кейбір қолайсыздықтар туындайды. Тұрғын үйдің коммуникациялық тораптарын «Ветеран» КСК басқарады. Дегенмен, үйдің және коммуникациялардың тозығы жетуіне байланысты және КСК дұрыс басқармауы нәтижесінде кітапханада жағымсыз иіс тұрақты түрде болып тұрады. Сонымен қатар, қыс айларында кітапхана салқын болып, қызметкерлер мен оқырмандар үшін қолайсыздық тудырып келеді. «Ветеран» КСК мен кітапхана арасында ешқандай заңды құжаттар жасалмағандықтан, кітапхана басшылығының КСК-ға уәждері көп уақытта ескерілмейді. Ал КСК кітапханамен келісімшартқа отыруға ниет білдірмейді.

2024 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕР

- Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы қызметінің бағыты мен міндеттеріне сәйкес жұмыс жалғастыру;
- Оқырмандарға сапалы қызмет көрсету;
- Жас оқырмандардың сұраныстарын қанағаттандыру;
- Оқырмандардың Қазақстан әдебиеті, тарихына, мәдениетіне қызығушылығын баулу;
- Құқықтық білім негіздерін, оқырмандардың экологиялық сауатын насихаттау.

2024 ЖЫЛҒЫ ЖОСПАР

2024 жылы балалар жазушысы Б.Соқпақбаевтың 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтіледі. Және осыған орай кітапханада Б.Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығын танымал ету мақсатында бірнеше іс-шара жоспарланған. Соның ішінде жазушының «Менің атым Қожа» повесі желісі бойынша кітапханалық ымырт (библиосумерки) және «Аяжан» повесінің желісі бойынша иллюстрациялардың қалалық байқауы өткізілмек. Кітапханалық ымыртқа Қожа ролін сомдаған актер Н.Санжар шақырылып отыр.

Сонымен қатар, балалар ақыны, драматург Қарағанды облысының тумасы Б.Ысқақовтың 100 жылдығына орай балалар арасында Б.Ысқақовтың шығармаларын сахналау бойынша облыстық байқауын өткізу жоспарланған.

202 жылы Қарағанды қаласының құрылғанына 90 жыл толуына орай бірнеше іс-шара өткізу жоспарланған.

Жылдағы дәстүр бойынша балалардың көктемгі демалысы кезінде Балалар кітабының апталығы өткізіледі.

2024 жылы 4 байқау өткізу жоспарланған:

- Балалар ақыны Бүркіт Ысқақовтың 100 жылдығына «Шабыт шуағы» саханалық облыстық байқауы;
- Балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына «Бояулар сыры» қалалық иллюстрациялар байқауы;
- «Алпамыс батыр» жыры бойынша қалалық байқау;
- Қарағанды қаласының 90 жылдығына «Қарағандының өшпес есімдері» бейнерепортаж облыстық байқауы

2024 жылы кітапхана келесі жобалар аясында жұмысын жалғастырады

- «Балалар, Сіздер үшін жазамыз!» жобасы;
- «Мәдени экспресс» жобасы;
- «Кітап дүкені» телевизиялық жобасы («5 канал» телеарнасымен бірлесіп);
- «Ертегілер мен оқиғалар сағаты» жобасы.

Басшы

Б. Уатаева